**1997 жылғы көктемгі-дала жұмыстарына дайындық және оны ұйымдасқан түрде жүргізу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 557

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы

25 наурыздағы N 76 өкімін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы көктемгі-дала жұмыстарына дайындық және оны ұйымдасқан түрде жүргізу жөніндегі шаралар бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыс әкімдері аталған шаралардың орындалу барысына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 сәуірдегі
N 557 қаулысымен
бекітілген

1997 жылғы көктемгі-дала жұмыстарына дайындық
және оны ұйымдасқан түрде жүргізу жөніндегі
Шаралар

| Р/н | Шаралар | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шығындануына байланысты ауыл шаруашылық дақылдарының егіс алаңдарын нақтылау және оларға | 1997 жылдың 15 сәуіріне дейін | Ауылшармині, облыс әкімдері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түзету енгізу жұмыстарын жүргізу | | |
| 2. | Республика тауар өндірушілерін шаруашылықтар мен Алматы және Талдықорған облыстарының тұқым өсіретін шаруашылықтары арасында жасалған шарттар бойынша жүгері тұқымдарымен және Шығыс Қазақстан облысының күнбағыс тұқымдарымен өзара тиімді жағдайларда қамтамасыз ету | сәуір | бұл да |
| 3. | Қызылша егуші шаруашылықтарды қант қызылшасы тұқымдарымен қамтамасыз ету | "-" | бұл да |
| 4. | Тұқымдық мақсаттарға пайдалану үшін мемлекеттік ресурстардағы ең жақсы тауарлар партиясынан 60 мың тонна астықты сақтатып қою | "_" | "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 5. | Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 74 өкіміне және Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдеріне сәйкес қарызға бөлінген жаздық дәнді дақылдар тұқымы дер кезінде іріктелініп, облыстар арасында тасымалдануын қамтамасыз ету | "_" | Ауылшармині, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ, облыс әкімдері (келісім бойынша) |
| 6. | Тұқымдық картоптың (2,5 мың тонна) қолда бар басы бос ресурстарын республика ішінде қайта бөлу және жеміс дақылдарының отырғызылатын тұқымдарының артығын одан тысқары жерлерде сату | сәуір-мамыр | Ауылшармині |

| | | |
|---|---|---|
| 7. "Жеміс" РӨБ және "Тұқым-Интер" компаниясымен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қажеттіліктерін көкөніс дақылдарының тұқымдарымен қажет ассортиментте қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтау | "_" | бұл да |
| 8. Ауыл шаруашылығы дақылдарының таңдаулы тұқымдарын дер кезінде іріктеуді қамтамасыз ету | | Ауылшармині, Аграрлық зерттеулер Ұлттық акад. орталығы,облыс әкімдері |
| 9. Маңғыстау атом энергетикалық комбинатымен шығындардың бір бөлігін Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры қаражаты есебінен өтеуді ескере отырып көлемі 41 мың тонна интенсивтік үлгідегі минералдық тыңайтқыштарды жөнелту жұмыстарын тиянақтау | "_" | Ауылшармині, облыс әкімдері |
| 10. 1997 жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларының пайда болуы мен таралуы жайындағы болжалды тексеру нәтижелерін қорытындылау | сәуір | Ауылшармині, Республикалық өсімдіктерді қорғау станциясы |
| 11. 1996 жылы лизинг қорын қалыптастыру үшін республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың бір бөлігін және 1997 жылы несиелік ресурстар шегінде лизинг шартымен ауыл шаруашылығы техникасын жеткізіп беруді | кестеге сәйкес | Облыс әкімдері, Ауылшармині |

| | | |
|---|---|---|
| ұйымдастыруға арнап бөлінген қаражаттардың бір бөлігін қайтаруды қамтамасыз ету | | |
| 12. 1997 жылғы лизинг бойынша техника беруге арналған құжаттарды ұсынуды аяқтау | 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін | бұл да |
| 13. Бұрын алынған жанар-жағармайлар мен қосалқы бөлшектер, сондай-ақ тұтынылған электр энергиясы үшін берешектерді, жеткізіп берушілермен және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен келісілген берешектерді өтеу кестелері бойынша өтеуді қамтамасыз ету | кестеге сәйкес | Облыс әкімдері, Ауылшармині |
| 14. 1997 жылы лизинг шарттарымен техникалар алу үшін лизинг қорына қаражаттар бөлу | жыл ішінде | Қаржымині, Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры |
| 15. "Сельхозмаш", "Казагрореммаш" АҚ, "Кең дала", "Өнім" АҚ бірге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қосалқы бөлшектер мен жөндеу материалдарын жеткізіп беруді қамтамасыз ету мәселесін пысықтау, ол үшін: | | Ауылшармині, Ішкіісмині, Қорғанысмині |
| форвардтық, фьючерстік және бартерлік жағдайларда жеткізіп беру шарттарын жасау | 1997 жылдың 15 сәуіріне дейін | |
| республиканың барлық аймақтарында консигнациялық қоймалар құру | 1997 жылдың 1 маусымына дейін | |

| | | |
|---|---|---|
| 16. Жергілікті жерлерде машина-технологиялық станцияларын құруды тездету | ұдайы | облыс әкімдері, Ауылшармині |
| 17. Жөндеу-қызмет көрсету объектілерін, астық қырмандары мен мұнай базаларын электрмен үздіксіз жабдықтау үшін жасалған шарттарға сәйкес берілген электр энергиясы үшін ағымдағы төлемдердің уақтылы төленуін қамтамасыз ету | "_" | Облыс әкімдері, Энергетика және табиғи ресурсмині, Ауылшармині |
| 18. Көктемгі-дала жұмыстары кезінде жанар-жағармайларды үздіксіз жеткізіп беру үшін мемлекетке астық сатып алуға байланысты жанар-жағармайлар жеткізіп беруге тікелей шарттар және шарттар, сондай-ақ мүліктік кепілдер бойынша форфардтық-фьючерстік келісім-шарттар жасауды және облыс әкімдерінің бюджеттік қаражаттар бойынша кепілдік беруін қамтамасыз ету | 1997 жылдың 15 сәуіріне дейін | Облыс әкімдері, Энергетика және табиғи ресурстармині, мұнай өндіру, мұнай өңдеу кәсіпорындары, Ауылшармині |
| 19. Республиканың батыс облыстарындағы таңдаулы тұқым шаруашылықтары жүйесін нақтылау | сәуір-мамыр | Ауылшармині, Аграрлық зерттеулер ұлттық акад. орталығы |
| 20. Суармалы жерлерде 1997 жылдың суландыру науқанына дайындық жұмыстарын жүргізу | мамыр | облыс әкімдері, Ауылшармині |
| 21. Жергілікті жерлерде су пайдаланушылар ассоциациясын құру жөнінде | жыл ішінде | Ауылшармині, облыс әкімдері |

| | | |
|---|---|---|
| ұйымдастыру-дайындық жұмысын жүргізу | | |
| 22. Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп банкінің басқармасына "Росагробанк" акционерлік қоғамымен бірге олардың тауарлық несие бөлуінің өтелуі мәселесін пысықтауды ұсыну | сәуір | Агроөнеркәсіп банкінің басқармасы (келісім бойынша) |
| 23. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шегірткелермен және басқа да аса қауіпті зиянкестермен күресуге арнап көзделген қаражаттарды бөлуді қамтамасыз етсін | "_" | Қаржымині |
| 24. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне операциялық шығыстарға қаржы бөлуді қамтамасыз етсін | жыл бойы | Қаржымині |
| 25. Жобаларда көзделген орман-отырғызу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету | сәуір-мамыр | Ауылшармині, Орманшаркомы, облыстық орман шаруашылығы бірлестіктері, облыс әкімдері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК